КЕЛІСІЛДІ
«Өскемен қаласының
білім беру бөлімі» ММ
басшысының м.а.
_____ А.Маулетханов
«__»_____ 2019 ж.

БЕКІТЕМІН
Өскемен қаласы әкімдігінің
«Оқу-өндірістік комбинаты» КММ
директоры
_____ Б. Искаков
«__»_____2019 ж.

Химия және биология пәні мұғалімдеріне арналған «Мектеп пәні – болашақ мамандықтың негізі» атты презентациялар байқауы туралы ереже

1. Жалпы ереже.

1.1. Химия және биология пәні мұғалімдеріне арналған «Мектеп пәні – болашақ мамандықтың негізі» презентациялар байқауы (бұдан әрі – Байқау) Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ білім алушыларды кәсіби бағдарлау орталығының қызметі аясында өткізіледі.

1.2. Байқауды өткізу мерзімі: 2019 жылдың 10-30 қазан аралығы.

1.3. Байқауға қатысушылар: Өскемен қаласының білім беру ұйымдарының химия және биология пәнінің мұғалімдері.

2. Байқау мақсаты:

- мұғалімдерді білім беру үрдісінде кәсіби бағдар беру жұмысын белсенді пайдалануға ынталандыру;
- 8-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру.

3. Байқау міндеттері:

- педагогтардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, олардың кәсіби деңгейін және педагогикалық шеберлігін арттыру;
- оқушылардың мектеп бағдарламасындағы пәндерге (химия және биология) деген қызығушылығы негізінде оларға мамандық таңдауда көмек көрсету;
- оқушылардың заманауи мамандықтар әлемі туралы білімдерін кеңейту;
- оқушылардың жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге қызығушылығын арттыру.

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

4.1. Байқау кезеңдері:

1-кезең: Байқауға қатысуға өтінім беру (электрондық пошта арқылы) – 2019 жылдың 10 қазанына дейін;

2-кезең: презентациялармен жұмыс - 2019 жылдың 23 қазанына дейін;

3-кезең: презентацияларды ұсыну (электрондық пошта арқылы) – 2019 жылдың 24 қазанына дейін;

4-кезең: құзыретті қазылар алқасының презентацияларды бағалауы – 2019 жылдың 25-29 қазан аралығы;

5-кезең: Байқау жүлдегерлерін марапаттау – 2019 жылғы 30 қазан сағат 13.00-де Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ акт залында (Гастелло көшесі, 14 үй).

4.2. Өткізу тәртібі.

1-кезең: қатысуға өтінім беру.

Байқауға қатысушылар электрондық пошта арқылы «Презентациялар байқауына өтінім» хабарлама тақырыбын көрсете отырып, қоса берілген үлгі бойынша қатысу өтінімін safarovant@goroo.ukg.kz адресіне жібереді (2019 жылдың 10 қазанына дейін).

Байқауға **бір білім беру ұйымынан 2 мұғалім** – химия және биология **әр пәнінен 1 мұғалім** қатыса алады.

Қатысуға арналған өтінім үлгісі

(MS Word құжатында safarovant@goroo.ukg.kz электрондық адресіне жіберіледі)

Білім беру ұйымының толық атауы	Пән	ТАӘ	Лауазымы	Байланыс деректері: ұялы телефон және e-mail
	Химия			
	Биология			

2-кезең: презентациялармен жұмыс.

Қатысушының байқау жұмысы MS Power Point (20 слайдтан артық емес) презентациясын ұсынады, онда жаратылыстану ғылымдарына, атап айтқанда химия және биология пәндеріне қызығушылық танытатын мамандықтарға шолу жасау арқылы болашақ кәсіби жолы бойынша оқушыларға ұсыныстар бар.

Келесі презентация құрылымы ұсынылады:

- қатысушының ұсынысы (қатысушының аты-жөні, білім беру ұйымының атауы, лауазымы);
- химия немесе биология пәнін зерттейтін мамандыққа бейімділікті анықтау (мысалы: «Егер сен ... жасасаң, химияны зерттейтін мамандықтар саған жарасады», «Егер сені биология қызықтырса, сен ... бола аласың»);
- шолу мамандықтарының тізімі;
- мамандыққа толық шолу (атауы, қолданылу саласы және т. б.).

Презентацияны орындау тілі: мемлекеттік немесе орыс тілі.

3-кезең: байқау жұмыстарын ұсыну.

Байқау жұмыстары электрондық пошта арқылы «Байқауға арналған презентация» хабарлама тақырыбымен safarovant@goroo.ukg.kz адресіне жіберіледі.

Презентациялардың өзі төмендегідей аталуы тиіс:

«Химия» пәні үшін: «ХИМ_мектеп№»
«Биология» пәні үшін: «БИО_мектеп№»

4-кезең: презентацияларды бағалау.
Жобаларды бағалау критерийлері:
- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- материалды баяндаудың қол жетімділігі;
- ақпараттылығы;
- тәжірибелік маңыздылығы;
- презентацияны орындау сапасы мен эстетикасы;
- слайдтардың түстік шешімі, сурет сапасы.

Жүлделі орындар әр пән үшін былайша бөлінеді:
1 орын – 1 қатысушы;
2 орын – 1 қатысушы;
3 орын – 1 қатысушы.

Жеңімпаздар грамоталармен марапатталады. Жоғары балл жинаған, бірақ жеңімпаздар қатарына кірмеген қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

5-кезең: байқау жүлдегерлерін марапаттау.

Байқау жүлдегерлерін марапаттау 2019 жылы 30 қазанда сағат 13.00-де Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ (Гастелло көшесі, 14 үй) акт залында өтеді.

Орынд.: Сафарова Н.С.
тел.: 52-51-59

1-қосымша

ӨТІНІМДІ ДҰРЫС РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ ПРЕЗЕНТАЦИЯ МАЗМҰНЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Қатысуға арналған өтінім формасы

Білім беру ұйымының толық атауы	Пән	ТАӘ	Лауазымы	Байланыс деректері: ұялы телефон және e-mail
«№88 орта мектебі» КММ	Химия	Ахметова Аида Сериковна	химия мұғалімі	8-7787878787, ahm@mail.ru
«№88 орта мектебі» КММ	Биология	Иванова Мария Ивановна	биология мұғалімі	8-4474747747, Iva_i@ya.ru